

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 674 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 443 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.27. N 889 қаулысымен (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 674 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 21, 236-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтағы "осы қаулыда көзделген науқастардың түрлерін, дәрілердің тізбесін толықтыру және дәрі-дәрмекті және тұрғындардың жекелеген санаттарына арнаулы тағамды босату нормаларын ұлғайту" деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін науқастар түрлерінің және амбулаториялық емдеу кезінде дәрі-дәрмек пен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын халықтың жекелеген санаттарының тізбесін толықтыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесінде:

мәтіндегі "Денсаулық сақтаудың аумақтық органдары", "аумақтық қаржы органдарымен", "аумақтық қаржы органдарына", "денсаулық сақтаудың аумақтық органдарымен" және "денсаулық сақтаудың аумақтық органдарына" деген сөздер тиісінше "Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары", "жергілікті атқарушы органдармен", "жергілікті атқарушы органдарға", "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен" және "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "амбулаториялық емдеу кезінде дәрігерлердің рецептері

бойынша дәрі-дәрмек, балаларға арналған және шипалы арнаулы тағамы тегін босатылатын тұрғындардың жекелеген санаттарының 1-қосымшада санамаланған науқастары түрлерінің тізбесіне сәйкес," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дәрі-дәрмекпен және арнаулы азық-түлікпен тегін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен азаматтарға , олардың тұрғылықты жері бойынша дәрілік көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, дәрі-дәрмек пен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікті бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаларды (бұдан әрі - беруші) таңдау жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. Дәрі-дәрмек пен арнаулы азық-түлікті тегін босатуды амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі - медициналық ұйымдар) дәрігерлерінің рецептері бойынша берушілер ж ү з е г е а с ы р а д ы . " ;

5 - тармақ алынып тасталсын ;

7-тармақтың екінші абзацындағы "босатудың 2-қосымшаға сәйкес бекітілген нормасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын ;

9-тармақтың бірінші абзацындағы "(ұқсас)" деген сөз алынып тасталсын ;

13-тармақтағы "Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде алынған" деген сөздер " Дәрі-дәрмекпен және арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған" деген сөздермен ауыстырылсын ;

Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесіне 1, 2-қосымшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі